**«6D011700 - Kazak Dili ve Edebiyatı» bölümünde Felsefe Doktoru (PhD) ünvanını almak için Aygerim Bekturgankyzy Bögenbayeva'nın hazırlayan "Yaratıcı düşünme yoluyla dil iletişimi gelişiminin bilimsel-metodolojik temelleri (10. ve 11.sınıf)" adlı tez çalışmasına yabancı bir bilimsel danışmanın**

## FİKRİ

Kazakistan Cumhuriyeti'nde öğrenciler için devlet programlarında eğitim ve öğretim geliştirme: "herkesin aynı kalitede eğitim alması, iletişimsel ve mesleki yeterliliğin geliştirilmesi" net bir şekilde belirtilmektedir. Bu, günümüzde küresel değişimi, davranışların karmaşık ve dinamik yanı, uluslararası iletişimin genişlemesi, anadil de dahil olmak üzere filolojik derslere derin ve sağlam bir şekilde hakim olmayı hedeflemektedir. Bu, yaratıcılığı kapsamlı şekilde gelişmiş bireye olan toplumun ihtiyaçlarından ortaya çıktığı kuşkusuzdur.

Genel eğitim ve öğretim okulu modernizasyonunun modern gerekliliklerine uygun olarak öğrencilerin kişisel gelişime ve özeğitimciliğe izin veren, aktif öğrenme ve bilişsel aktivitelerini geliştirmenin yollarından biri, dil iletişimindeki yaratıcı düşüncelerini geliştirmektir. Bu nedenle, eğitim ve ahlaki sürecinin organizasyonunda bu konuya muhakkak dikkat edilmesi gerekmektedir.

Dünyada yaşanan küreselleşme süreci, tüm ülkelerin eğitim sistemlerini etkilemektedir. Günümüzde sosyal çevre, öğrencilerin birey olarak gelişimi için daha merkezi hale gelmektedir. Bu gerekliliği aşmanın tek koşulu, eğitim sürecini kişiliğe ilişkin kategorilere odaklamaktır. Doktora öğrencisi A. B. Bögenbaeva, araştırma çalışmasında öğrencilere yaratıcı düşünmeyi öğretmenin yollarını göz önünde bulundurarak modern talepten kaynaklanan günlük fikirleri uygulamaya çalışıyor.

Yaratıcı düşünme, genellikle tüm pedagojik faaliyet alanlarında zihinsel çalışmanın bir göstergesi olarak kabul edilir ve onun için yaratıcı kararlar verme yeteneğinin önemli olduğu düşünülmektedir. Bu nedenle, öğrencinin kendi araştırma yapması, yeni şeyler keşfetmesi, bilgisini yaşam durumlarında yetkin bir şekilde kullanması, gerçek ve standart dışı eğitim problemleri çözmesi için yaratıcı düşünme ve dil gelişiminin rolü çok önemlidir. Ayrıca, şimdiye kadar lise öğrencilerinin yaratıcı düşünmesi yoluyla dil iletişimini geliştirme

metodolojisini bilimsel olarak yeterince çalışılmamış olması, bu konunun alaka düzeyini göstermektedir.

Çalışmanın ilk aşamasında araştırmacı, konunun bilimsel ve metodolojik temellerini belirlemek için felsefi, dilbilimsel, linguodidaktik monografiler, kitaplar, dergiler, bilimsel makaleler gibi temel çalışmaları inceledi. Konuyla ilgili bilimsel bulguları tespit etti. Yaratıcı düşünme sorunuyla ilgili psikolojik ve pedagojik çalışmaları araştırdı ve dil ile ilgili yönlerini belirledi. Düşünce ve konuşma birlikteliğinden oluşan bilişsel araştırmaları dikkate alarak, psikoloji ve dilbilim alanındaki araştırmaları karşılaştırarak çalıştı.

Sonraki aşamalarda, yaratıcı düşünme yoluyla, dil iletişimi gelişiminin yönlerini, durumlarını ve metodolojik sistemin bileşenlerini belirledi. Araştırmacı deneyi, dil iletişiminin çeşitli hedef ve taktiklerini ele alma fırsatı sağlayan, probleme dayalı öğrenmenin gereksinimlerini karşılayan çeşitli metinleri toplayarak ve tek tek çalışarak gereksinimlerine göre hazırladı. Bu şekilde, öğrencinin yaratıcı düşünme ve dil becerilerini geliştirmeye yönelik bilişsel-iletişimsel yönteme göre seçilen okuma materyallerini okutmak için deney yaptı ve sonunda deneysel çalışmaların sonuçlarını nicel ve nitel açıdan analiz etti. Araştırmacı, çalışma sürecinde hazırlanan didaktik yaklaşımların ve etkileşimli yöntemlerin rasyonelliğine bakarak sonuçlarını sunuyor.

Tez çalışması, belirlenen gereksinimlere göre hazırlanmıştır.

Kısacası, araştırma çalışmasının sonuçları birbiriyle ilişkili ve amaçlı bir şekilde sıralanmıştır. Araştırmacının elde ettiği sonuçların deneysel olarak kanıtlanması, Scopus veritabanında yer alan ve Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim alanında kalite sağlama komitesi tarafından onaylanan yayınlarda ve makalelerin uluslararası bilimsel ve uygulamalı konferanslarda yayınlanması, tezin teorik ve pratik açıdan kapsamlı bir çalışma olarak yapıldığını göstermektedir. Çalışma, doktora tezi gereksinimlerine uygundur.

Aygerim Bekturgankyzy Bögenbayeva'nın «6D011700 - Kazak Dili ve Edebiyatı» bölümünde Felsefe Doktoru (PhD) ünvanını almak için Aygerim Bekturgankyzy Bögenbayeva'nın hazırlayan "Yaratıcı düşünme yoluyla dil iletişimi gelişiminin bilimsel-metodolojik temelleri (10. ve 11.sınıf)" adlı tez çalışmasını sunabileceğini ve referans gösterdiğimi beyan ederim.

**Yabancı Bilimsel Danışman:**
**Prof.Dr. Nezir Temur**
**Gazi Üniversitesi, Ankara/Türkiye**

**«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11 сынып)» атты диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу; коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – екені нақтыланып көрсетілген. Бұл бүгінгі заманғы қоғамның жаһандық өзгеруі, қызметтік іс-әрекеттің күрделі және динамикалық сипаты, халықаралық байланыстың кеңеюі филологиялық пәндерді, оның ішінде ана тілін терең және берік игеру міндеттерін қойып отыр. Бұл шығармашылығы мен креативтілігі жан-жақты дамыған тұлғаға деген қоғам қажеттіліктерінен туындағаны сөзсіз.

Жалпы білім беретін мектепті модернизациялаудың заманауи талаптарына сай оқушылардың жеке тұлғалық дамуы мен өзіндік білім алуына мүмкіндік беретін, белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін жетілдірудің бір жолы – олардың тілдік қатынасын креативті ойлауын дамыту болмақ. Сондықтан оқу-тәрбиелік үрдісті ұйымдастыруда бұл мәселеге ерекше назар аудару қажет.

Әлемде болып жатқан жаһандану үрдісі барлық елдің білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп отыр. Қазіргі әлеуметтік орта оқушыларды тұлға ретінде дамытудың өзектендіре түсуде. Осы талаптың үдесінен шығудың бірден-бір шарты – оқыту үдерісін тұлға танымымен байланысты категорияларға бағдарлау. Докторант Ә.Б.Бөгенбаева зерттеу жұмысында білім беруді оқушының креативті ойлауға үйрету амалдарын сөйлесім әрекеттерімен сабақтастықта қарастыра отырып, заманауи сұранымнан туындап отырған өміршең идеяларды жүзеге асыруға ұмтылыс жасаған.

Креативті ойлау көбінесе педагогикалық іс-әрекеттің барлық сферасында ақыл-ой еңбегінің көрсеткіші саналады, ол үшін шығармашылық шешім жасай алу ерекше маңызды саналады. Олай болса, оқушының өзіндік ізденіс жасауында, жаңаны аша алуында, білімін өмір жағдаяттарында сауатты қолдануда, шынайы және стандартқа сай келмейтін күрмеулі міндеттерді шешуде креативті ойлауы мен тілдік қатынасын дамытудың рөлі зор. Оған қоса осы уақытқа дейін жоғары сынып оқушыларының креативті ойлау арқылы тілдік қатынасын дамыту әдістемесі жеткілікті дәрежеде ғылыми тұрғыда зерттелмегені де бұл тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Диссертант зерттеу жұмысын жүргізудің алғашқы кезеңінде тақырыптың ғылыми-әдіснамалық негіздерін анықтау мақсатында іргелі еңбектерге: философиялық, лингвистикалық, лингводидактикалық бағыттағы монографияларға, оқулықтарға, оқу құралдарына, ғылыми мақалаларға талдау жасады. Тақырыпқа қатысты ғылыми тұжырымдарды анықтады. Креативті ойлау мәселесіне қатысты психологиялық, педагогикалық еңбектерге шолу жасап, оның тілмен байланысты қырларын айқындады. Ойлау мен сөйлеудің

бірлігінен тұратын танымдық зерттеулерге баса мән беріліп, психология, тіл білімі саласындағы зерттеулер салыстырыла зерделенген.

Одан кейінгі кезеңдерде креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың бағыттарын, ұстанымдары мен әдістемелік жүйесінің құрауыштарын анықтады. Тілдік қатынастың әртүрлі мақсаттары мен тактикасын қамтуға мүмкіндік туғызатын, проблемалық оқытуға сай талаптарға жауап беретін әр типтегі мәтіндер жинақтап, тапсырма түрлерін саралап, қалыптастырушы эксперименті талаптарына сай дайындады. Осылайша оқушының креативті ойлау мен тілдік қатынасын дамытудың танымдық-коммуникативтік әдісіне сай іріктелген оқу материалдарын меңгерту үшін экспериментке қойып, соңында тәжерибелік жұмыстардың нәтижелеріне сандық және сапалық тұрғыдан талдау жасады. Диссертант зерттеу жұмыстары бойынша әзірленген дидактикалық тәсілдер мен интерактивті әдістердің ұтымдылығын дәйектеп, өз қорытындыларын ұсынып отыр.

Диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға сай рәсімделіп, жазылған.

Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысының қорытындылары мен тұжырымдары өзара байланыстылықта, мақсатты түрде дәйектелген. Диссертанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарының эксперимент арқылы дәлелденуі, Scopus базасына енгізілген және ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда мақалалар жариялауы диссертация жұмысының теориялық және практикалық тұрғыдан тиянақты жүргізілгенін танытады. Диссертация докторлық диссертацияға қоятын талаптарына сәйкес.

Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11сынып)» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**
**Анкара қаласы Гази университеті**
**Доктор, профессор Незир Темур (Түркия)**